

"Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы" ММ
ШЖҚ "Талдықорған қалалық емханасы" МКК ақпараттандыру
ХАТТАМАСЫ №2

Күні: 27.02.2025 жыл

уақыты: 16³⁰

Отырысқа Қайнар дәрігерлік амбулаториясының ұжымы қатысты. Ақпараттандыру ординаторлық бөлмеде баяндама және әңгіме түрінде жүргізілді.

Күн тәртібі: ШЖҚ "Талдықорған қалалық емханасы" МКК қызметкерлері арасында денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талқылау бойынша түсіндіру жұмыстары.

Негізідеме: жоспарланған.

Отырысты жүргізген: комплаенс-офицер Е.Б. Нургазиев

Отырыс баяндамасы және қорытындысы

Денсаулық сақтау жүйесі мемлекеттің әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Осы саладағы тиімді басқару – мемлекеттің дамуындағы маңызды міндет.

Өз кезегінде денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері уәкілетті органның денсаулық сақтау министрлігіне тиесілі саладағы талдау нәтижесінде белгіленген болатын. Олардың ішінде 4 категория жеке-жеке бөлінген.

Бірінші - мақсаттық көрсеткіштердің жетілмегендігі. "Пациенттердің медициналық көмек сапасына қанағаттануы" нәтижелерін "колмен" өзгерту арқылы бұрмалануының жоғары тәуекелі белгіленді. Бұл денсаулық сақтау жүйесінің сапасы бойынша объективті көрініс бермейді.

Екінші - дәрі-дәрмектің бағасын жасанды түрде көтеру тәуекелі басым. Баға өтініш берушінің тексерілмеген ақпаратына немесе оның коммерциялық ұсынысына байланысты қалыптасады. Дәрі-дәрмектердің бағасына олар болмаған кезде де маркетингтік шығындарды қосуы мүмкін. Қолданыстағы көтерме-бөлшек сауда ережелері бағаны 30%-ға қосымша арттыруға мүмкіндік береді.


Үшінші - медициналық қызмет сапасына сырттай сараптама нәтижелерінің заңсыздығы. Медициналық қызметтердің сапасын бағалау үшін жүргізілген 147 тексеру кезінде сырттан сарапшылар шақырылмаған. Сараптама қорытындыларын уәкілетті емес адамдар жасағаны анықталды. Оған "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодекс пен заңға тәуелді акті арасындағы қайшылық себеп болған.

Төртінші - санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің бақылау және қадағалау функциясындағы тәуекелдер. Эпидемиологиялық мониторинг және камералдық бақылау саласы цифрландырылмаған. 600 миллион теңгеге сатып алынған планшеттер мен мобильді принтерлер әкімшілік практиканы автоматтандыру үшін пайдаланылмайды. Бақылау құжаттары колмен қалыптастырылады, бұл сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайды, деп белгіденген болатын.

Қорыта келе, әр қызметкер өз құзіреттілігін іске асыру барысында күнделікті сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларын басшылыққа алу және шектеулерді қатаң сақтау қажеттігі аталып көрсетілді.

Қол жетімді интернет көздерінен алынған ақпарат
<https://kaz.nur.kz/society/1932573-aktikor-densaulyq-saqtau-zuiesindegi-sybailas-zemqorlyq-tauekelderin-atady/>

Комплаенс-офицер



Е.Б. Нургазиев

